



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

19.01.2024 № 2-01-24-04836

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
(тізім бойынша)**

21.12.2023ж. ДС-495
депутаттық сауалға қатысты

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура тұрақты әрекет ету тобын құру және аталған топқа қылмысы дәлелденген күштік құрылым қызметкерлерінің құзыретінде болған істерді қайта қарап, шын кінәлілерді анықтау туралы депутаттық сауалды қарады.

Депутаттық сауалда көрсетілген арыздар бойынша.

23.08.2021ж. Шымкент қаласының Еңбекші аудандық Полиция басқармасы Я.Мамаевтың (А.Мамаеваның ұлы) шағымы негізінде ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігінің 1-тармағымен (ірі мөлшердегі алаяқтық) Ш.Умарназароваға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастап, 14.06.2023ж. қылмыстық іс (барлығы 4 эпизод бойынша) негізінен қарау үшін сотқа жолдаған.

Нәтижесінде 21.07.2023ж. Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының үкімімен Ш.Умарназарова 3 жыл 6 айға бас бостындығынан айырылған.

Алайда Ш.Умарназарова жәбірленуші Я.Мамаевқа қатысты эпизод бойынша олардың араларында азаматтық-құқықтық қарым қатынастардың болуына байланысты ақталған (сот актісі күшіне енді).

Сонымен қатар, А.Баянбаева және З. Тотанованың арыздары негізінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлері К.Увалиев ҚК-нің 362-бабы 4-бөлігі 3-тармағы (билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану), 146-бабы 2-бөлігі 1,2,4-тармақтары (азаптау), А. Нуразхановқа ҚК-нің 362-бабы 4-бөлігі 3-тармағы, 146-бабы 2-бөлігі 1-тармағы бойынша басталған қылмыстық іс негізінен қарау үшін Риддер қаласының сотына жолданған.

29.09.2023ж. Риддер қаласының сотының үкімімен К. Увалиев және А. Нуразханов ҚК-нің 146-бабы 2-бөлігі 2-тармағы бойынша кінәлі деп танылып, 4 жыл және 3 жыл 6 айға шартты түрде бас бостындықтарынан айырылған.

Сонымен қатар, К. Увалиев жәбірленуші А.Баянбаеваға қатысты психологиялық азаптау эпизоды бойынша дәлелденбегендіктен ақталған (апелляциялық сатыда қаралуда).

Жоғарыда көрсетілген қылмыстық істер бойынша қосымша шаралар қолдануға негіздер жоқ.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сәйкес прокуратура мемлекет атынан заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

ҚПК-нің 193-бабына сәйкес прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына (19.12.2020ж. №384-VI) сәйкес қылмыстық процестің үш буынды моделі енгізілді.

Қылмыстық процестің жаңа форматы тергеу органының, прокурордың және соттың өкілеттіктерінің нақты анықтады.

Прокуратура органдарымен әрбір қылмыстық іс бойынша қадағалау жүзеге асырылады және қылмыстық қудалау органдарымен қабылданған процестік шешімдер толығымен тексеріліп, заңды баға беріледі.

Сонымен қатар, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 3-бабы 2-бөлігіне сәйкес прокуратура органдары өз функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде олардың қызметіне қандай да бір араласуға тыйым салынады.

Жоғардағының негізінде ведомствоаралық тұрақты әрекет ету тобын құруға негіздер жоқтығын хабарлаймын.

Құрметпен,

Б. Асыллов

Тізім:

Р.Р. Зайтов

Е.С. Бапи

Г.Ш. Танашева

Н. Тау